

Балаларды ыстық тамақпен қамту бойынша мониторинг есебі

Қыркүйек айы

2023-2024 оқу жылы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Ахмет Байтұрсынұлы атындағ жалпы білім беретін мектебі»
КММ

Мектеп асханасындағы тамақтану жеке кәсіпкер Ж.К Манаубаева (№2 келісім шарт бойынша 17.01.2023ж. дейін) «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары» негізінде тамақтану ұйымдастырылға. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 717 бұйрығы). Тамақтанудың сапасын бақылау мақсатында «Сапалы тамақтану мониторингі бойынша комиссия мүшесін құру» №105. 01.09.2022 күні бұйрық шығарылды. Комиссия мүшесінің құрамында:

Смагулова Г.Г - мектеп директоры. Комиссия төрайымы;

Касыбаева А.К – әлеуметтік педагог. Комиссия хатшысы;

Комиссия мүшесі:

Ақтауова Ж.Т – ата-аналар комитетінің төрағасы;

Ержанова Л.Т – бас есепші;

Ергалиева Г.Т – медбике;

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында жалпы тегін ыстық тамақтанатын оқушылар саны – 611 оқушыны құрады. Келесі санаттағы оқушыларды атап айтатын болсақ:

Көпбалалы отбасынан келесі оқушылар – 38 оқушы

Ата-аналары мүгедек оқушылар – 8 оқушы

Мүгедек оқушылар – 2 оқушы

Қамқоршы қарамағындағы келесі оқушылар – 3 оқушы

Күн көріс деңгейі төмен отбасылар – 2 оқушы

Жағдайы төмен отбасылар -26 оқушы

1-4 сыныптар оқушылары – 532 оқушы

2023 жылдың 5 қыркүйек және 30 қыркүйек аралығында комиссия ыстық тамақты ұйымдастыруға мониторинг жүргізді. Бақыланған: тамақтану сапасы. Күн сайын комиссия дайын тағамдардың бракеражын алып, органолептикалық баға берді сонымен қатар, дайын тағамдардың және аспаздық өнімдердің дайындық дәрежесі: дәмі, иісі, консистенциясы әрдайым нормаға сәйкес келеді. Бұл туралы бракераж журналында жазбалар жасалды, тағамдардың шығуы және олардың бекітілген мәзірге сәйкестігі, асхана қызметкерлерінің жұмысқа жіберілуі жүргізілді (мектеп медбикесі күн сайын терінің іріңді ауруларына, ЖРВИ мен ангинаға тексеру жүргізілді, отбасында ЖКА болмауы туралы сұрау жүргізілді және т.б.